

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу нәтижелері жөніндегі есеп

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп	1-2
Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп.....	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп	7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген).....	9-36



Building a better
working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Аралық қаржылық ақпаратты тексеру нәтижелері туралы есеп

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлері, Директорлар кеңесіне және басшылығына

Кіріспе

Біз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған үш айлық жиынтық кіріс туралы тиісті аралық шоғырландырылған есеп, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш айлық кезең үшін капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық шоғырландырылған есептерден және таңдаулы түсіндірме ескертпелерден тұрады («аралық қаржылық ақпарат»). Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл аралық қаржылық ақпарат жөнінде қорытындыны қалыптастыру болып табылады.


Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Джон Камерон Флахерти
Аудит жөніндегі партнер



Гульдария Зарипова
Аудитор

Аудитордың 2017 жылғы 13 ақпандағы
№МФ-0000414 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 19 мамыр



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
		2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Түсім және басқа да кірістер			
Түсім	4	1.433.451	1.376.114
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	5	217.726	65.316
Қаржылық кіріс	12	21.548	37.015
Басқа да операциялық кіріс		11.924	8.610
Түсім және басқа да кірістер жиыны		1.684.649	1.487.055
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынатын мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	6	(747.042)	(741.384)
Өндірістік шығыстар	7	(164.231)	(174.396)
Табыс салығынан басқа салықтар	8	(91.672)	(94.293)
Тозу, тауысылу және амортизация		(98.103)	(91.758)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	9	(122.669)	(118.649)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	10	(31.609)	(37.697)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)	11	6	(61.139)
Барлау шығыстары	11	(19.800)	-
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы		-	(38.000)
Қаржылық шығындар	12	(68.019)	(67.074)
Басқа да шығыстар		(5.755)	(7.315)
Оң бағамдық айырма, нетто		3.626	32.737
Шығыстар мен шығындар жиыны		(1.345.268)	(1.398.968)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		339.381	88.087
Табыс салығы бойынша шығыстар	13	(53.261)	(18.573)
Кезеңдегі таза пайда		286.120	69.514
Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда/(зиян):			
Бас компанияның акционерлеріне		286.703	86.267
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(583)	(16.753)
		286.120	69.514

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	31 наурызда аяқталған үш ай үшін		
	Ескерт.	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>			
Хеджирлеу әсері		(1.238)	-
Шетелдік бөлімшелер есептілігінің валютасын қайта есептеуден болған бағамдық айырма		45.409	703.636
Салық әсері		(4.120)	(62.026)
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін таза басқа да жиынтық кіріс		40.051	641.610
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда		53	-
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелмейтін таза басқа да жиынтық кіріс		53	-
Кезеңдегі таза басқа да жиынтық кіріс		40.104	641.610
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны		326.224	711.124
Мыналарға келетін кезеңдегі жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:			
Бас компанияның акционерлеріне		326.819	727.897
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(595)	(16.773)
		326.224	711.124
Акцияға пайда* – мың теңгемен			
Базалық және бөлінген		0,47	0,11

* 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 наурызда 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 жыл (аудит жүргізілген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	14	4.307.296	4.369.745
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		76.544	53.661
Барлау және бағалау бойынша активтер		140.784	158.385
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		21.911	22.826
Материалдық емес активтер		167.817	168.481
Ұзақ мерзімді банк салымдары	15	55.610	56.528
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	16	6.687.872	6.471.021
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер		57.893	58.590
Өтелуге жататын ҚҚС		87.737	94.481
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		42.984	23.343
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек		701.852	684.610
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		21.277	11.651
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		4.038	3.542
		12.373.615	12.176.864
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		237.095	228.065
Өтелуге жататын ҚҚС		65.065	106.695
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		59.421	70.301
Сауда дебиторлық берешек	17	562.842	422.821
Қысқа мерзімді банк салымдары	15	270.882	282.472
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек		27.532	27.795
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	17	262.978	57.071
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер	17	97.683	88.821
Ақша қаражаты мен оның баламалары	18	1.174.256	1.145.864
		2.757.754	2.429.905
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	14	5.163	46.518
		2.762.917	2.476.423
Активтердің жиыны		15.136.532	14.653.287

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 наурызда 2021 жыл (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2020 жыл (аудит жүргізілген)
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал		916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		8.981	8.981
Басқа да капитал		(1.180)	58
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.187.336	2.146.035
Бөлінбеген пайда		5.922.711	5.636.705
Бас компанияның акционерлеріне жататын		9.034.389	8.708.320
Бақыланбайтын қатысу үлесі		(72.236)	(71.641)
Капитал жиыны		8.962.153	8.636.679
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	19	3.694.649	3.716.892
Резервтер		299.664	303.154
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		574.238	555.894
Жалдау бойынша міндеттемелер		43.462	45.499
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		27.491	32.963
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер		28.262	28.831
		4.667.766	4.683.233
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	19	407.704	361.556
Резервтер		60.662	63.235
Төленуге жататын табыс салығы		12.048	8.967
Сауда кредиторлық берешек	20	605.554	536.922
Төленуге жататын басқа салықтар		152.861	130.263
Жалдау бойынша міндеттемелер		49.101	16.971
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	20	86.659	86.440
Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер	20	131.601	129.021
		1.506.190	1.333.375
Сатуға арналған активтермен тікелей байланысты міндеттемелер		423	-
Міндеттемелер жиыны		6.174.379	6.016.608
Капитал мен міндеттемелер жиыны		15.136.532	14.653.287
Бір жай акцияның баланстық құны – мың теңгемен		14,414	13,880

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
		2021 жыл (аудит жүргізілмеген)	2020 жыл (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		339.381	88.087
Түзетулер:			
Тозу, тауысылу және амортизация		98.103	91.758
Барлау шығыстары		19.800	-
Негізгі құралдар мен барлау және бағалау бойынша активтердің (құнсыздануын қалпына келтіру)/құнсыздануы	11	(6)	61.139
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы		-	38.000
Өтпейтін тауар-материалдық қорларға резервті есептеу		1.573	5.371
Бағамдық айырма, нетто		(831)	(1.249)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған активтердің есептен шығарылуынан болған (кіріс)/зиян, нетто		(7.034)	1.566
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян/(кірістер)		2.060	(11.690)
Қаржылық шығындар	12	68.019	67.074
Қаржылық кіріс	12	(21.548)	(37.015)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто		(217.726)	(65.316)
Резервтердегі өзгеріс		(2.463)	17.102
Басқа да түзетулер		1.167	3.818
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		280.495	258.645
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		48.926	(1.848)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(14.584)	59.174
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да активтердегі өзгеріс		(250.791)	90.560
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және келісімшарттық міндеттемелердегі өзгеріс		69.300	(218.084)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгеріс		16.340	(20.204)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		149.686	168.243
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	16	380	7.510
Туынды құралдар бойынша төлемдер, нетто		1.911	-
Төленген табыс салығы		(18.507)	(29.409)
Алынған сыйақы		8.759	26.427
Төленген сыйақы		(25.871)	(32.884)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		116.358	139.887

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
		2021 жыл (аудит жүргізілмеген)	2020 жыл (аудит жүргізілмеген)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Банк салымдарын алу, нетто		15.935	38.579
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау әрі бағалау активтерін сатып алу		(81.632)	(126.789)
Негізгі құралдарды және барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған активтерді сатудан болған түсімдер		27.508	6.027
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар		(1.716)	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар		(6.639)	(14.441)
Борыштық құралдарды сатып алу		(305)	(820)
Жалдау бойынша дебиторлық берешектен түсімдер		9	-
Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын вексель бойынша түсімдер		-	4.844
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымдардың шығуынан ақша қаражатының түсуі		-	8.699
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(46.840)	(83.901)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар бойынша түсімдер	19	121.201	100.461
Қарыздарды өтеу	19	(162.757)	(120.514)
Еншілес ұйымның бақыламайтын акционерлерден өз акцияларын сатып алуы		-	(212)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу		(600)	-
Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(5.507)	(4.568)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(47.663)	(24.833)
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		6.536	133.688
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		1	335
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		28.392	165.176
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.145.864	1.064.452
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.174.256	1.229.628

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша теленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан- байтын қатысу үлесі			
2019 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)	916.541	40.794	83	1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255	8.196.656		
Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	-	86.267	86.267	(16.753)	69.514		
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	-	641.630	-	641.630	(20)	641.610		
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген)	-	-	-	641.630	86.267	727.897	(16.773)	711.124		
Компания өтеуге орай Самұрық-Қазынадан алған қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы айырманы аудару	-	(10.971)	-	-	10.971	-	-	-		
Сенімгерлік басқару шарты қолданылуының тоқтатылуына орай Үкіметтен алынған мұнай құбырларын беру	-	(9.629)	-	-	626	(9.003)	-	(9.003)		
Самұрық-Қазынанан бөлуі	-	-	-	-	846	846	-	846		
Самұрық-Қазынамен операциялар	-	-	-	-	(3.474)	(3.474)	-	(3.474)		
Еңшілес ұйымның бақыламайтын акционерлерден өз акцияларын сатып алуы	-	-	-	-	214	214	(3)	211		
2020 жылғы 31 наурызға (аудит жүргізілмеген)	916.541	20.194	83	2.373.377	5.564.686	8.874.881	21.479	8.896.360		

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған
шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны			
2020 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	916.541	8.981	58	2.146.035	5.636.705	8.708.320	(71.641)	8.636.679	
Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	-	286.703	286.703	(583)	286.120	
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	(1.238)	41.301	53	40.116	(12)	40.104	
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген)	-	-	(1.238)	41.301	286.756	326.819	(595)	326.224	
Самурық-Қазынамен операциялар	-	-	-	-	(750)	(750)	-	(750)	
2021 жылғы 31 наурызға (аудит жүргізілмеген)	916.541	8.981	(1.180)	2.187.336	5.922.711	8.034.389	(72.236)	8.962.153	

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

Есеп саясаты және 9-36 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ» немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» (бұдан әрі – «Қазақойл» ҰМК) мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» (бұдан әрі – «МГК») жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды.

2021 жылғы 31 наурызға Компанияның 61 операциялық компанияда (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 61) қатысу үлесі болды (бірілесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді.

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2021 жылғы 19 мамырда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік «Аралық қаржылық есептілік» № 34 Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес (бұдан әрі – «34 ХБЕС») дайындалды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері Топ кәсіпорны өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтін жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға қатысы бар салық алымдары басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топтың шетелдік бөлімшелерінің операцияларын қайта есептеу

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ 2021 жылғы 31 наурыздағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 Америка Құрама Штаттарының доллары үшін (1 АҚШ доллары) тиісінше 424,89 және 420,91 теңгені құрады. Бұл бағамдар 2021 жылдың 31 наурызына және 2020 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды. 2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін орташа алынған бағам 1 АҚШ доллары үшін 419,94 теңге (2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 391,72 теңге) болды. ҚҚБ-ның 2021 жылғы 19 мамырдағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 427,54 теңгені құрады.

COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

COVID-19 әсері және ағымдағы экономикалық жағдай осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілді. Топ бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастырды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ түрлі стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

Топтың маңызды есепті бағалаулары мен пайымдаулары 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген. 2021 жылдың бірінші тоқсанының соңында, Топ талдау жасап, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қолданылған және ашылып көрсетілген бағалаулар мен пайымдаулар қолданыста қалады. Ешқандай жаңа елеулі бухгалтерлік пайымдаулар немесе бағалаулар анықталмады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2021 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген кандай – да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ 2021 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді алғаш рет қолдануда, бірақ олар оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» – 9 ХКЕС-ке (IFRS), 39 ХКЕС-ке (IAS), 7 ХКЕС-ке (IFRS), 4 ХКЕС-ке (IFRS) және 16 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайызсыз мөлшерлемеге ауыстырылған жағдайларда қаржылық есептілік үшін болатын салдарды түзету үшін қолданылатын уақытша босатуларды білдіреді. Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Түзету Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

4. ТҮСІМ

	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
Өнім және қызмет типі		
Шикі мұнай мен газды сату	832.628	801.433
Мұнай өнімдерін сату	416.012	381.280
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері	77.965	82.033
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	46.992	50.909
Басқа да кірістер	59.854	60.459
	1.433.451	1.376.114
Географиялық нарық		
Қазақстан	302.630	304.294
Басқа елдер	1.130.821	1.071.820
	1.433.451	1.376.114

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНДЕГІ ҮЛЕС, НЕТТО**

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
«Теңізшевройл» ЖШС	89.341	63.951
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	55.817	(4.282)
Каспий Құбыр Консорциумы	22.005	20.124
«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС	19.745	(7.767)
Mangistau Investment B.V.	12.054	6.114
KMG Kashagan B.V.	8.486	(101)
Valsera Holdings B.V.	3.915	(11.275)
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	2.650	(3.313)
ПетроҚазақстан Инк.	2.107	2.718
«КазРосГаз» ЖШС	1.845	(6.441)
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	823	(17)
«ҚазГерМұнай» ЖШС	253	6.006
«Теңіз Сервис» ЖШС	(644)	415
Ural Group Limited	(1.747)	(2.466)
Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар	1.076	1.650
	217.726	65.316

6. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, ГАЗДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	569.004	406.618
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	89.051	123.291
Материалдар мен қорлар	54.260	48.752
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	26.924	146.062
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	7.803	16.661
	747.042	741.384

7. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Жалақы бойынша шығыстар	82.752	72.827
Электр қуаты	22.824	21.207
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	18.831	19.351
Көлік шығыстары	11.417	7.750
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	6.883	16.386
Басқа	21.524	36.875
	164.231	174.396

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	26.509	19.597
Экспорттық кеден бажы	20.403	30.963
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	20.359	18.524
Басқа салықтар	24.401	25.209
	91.672	94.293

9. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Тасымалдау	112.377	108.232
Жалақы бойынша шығыстар	3.004	2.928
Басқа	7.288	7.489
	122.669	118.649

10. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Жалақы бойынша шығыстар	16.203	17.594
Кеңес беру қызметтері	3.562	5.697
Қызмет көрсету шығыстары	1.574	1.741
Әлеуметтік төлемдер	1.287	1.044
Байланыс қызметтері	1.228	762
Есепке алынбаған ҚҚС	1.037	986
Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік зиян бойынша резервті есептеу	686	616
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	560	523
Басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несиелік зиян бойынша резервті есептеу	110	207
Өтелуге жататын ҚҚС-тың (құнсыздануының қалпына келтірілуі)/құнсыздануы	(1.657)	551
Басқа	7.019	7.976
	31.609	37.697

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін, жалақы бойынша шығыстар 101.959 миллион теңге болды (2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін: 93.349 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ
БАРЛАУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ/
(ҚҰНСЫЗДАНУЫ)**

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Құнсыздандырудан болған шығыстар		
Негізгі құралдар (14-ескертпе)	(6)	44.751
Барлау және бағалау бойынша активтер	-	16.388
	(6)	61.139
Барлау шығыстары		
ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер	19.800	-
	19.800	-
	19.794	61.139

Ақша қаражатын жасайтын келесі бірліктер бойынша (АҚЖБ) құнсыздануды қалпына келтіруден түскен кіріс /құнсызданудан болған зиян танылды:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
ЭМГ АҚГБ	-	60.440
Басқа	(6)	699
	(6)	61.139

ЭМГ АҚГБ

2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ (ҚМГ БӨ) еншілес ұйымы Эмбамұнайгаз (ЭМГ) негізгі құралдардың өтелетін құнын және мұнайға болжамды бағалардың төмендеуі сияқты құнсыздану белгілерінің болуына орай барлау және бағалау активтерін бағалады. ЭМГ өтелетін құнды ақша ағындарын дисконттау үлгісін пайдалана отырып пайдалану құндылығының әдісі бойынша есептеді. Ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 14,4% болды. 5-жылдық бизнес-жоспар ақпараттың негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды және шикі мұнайды өндіру, сату көлемдері, түсім, шығыстар мен күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды. Бұл бағалаудың нәтижесінде активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан 60.440 миллион теңгеден асты, және, тиісінше, 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте негізгі құралдардың құнсыздануы 44.098 миллион теңге сомаға және барлау мен бағалау бойынша активтер 16.342 миллион теңге сомаға танылды.

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда негізгі құралдардың және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздану белгілері анықталмады.

Барлау шығыстары

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша ЭМГ «Тайсойған» учаскесінде келісімшарттық аумақты ішінара кішірейтті және 19.800 миллион теңге сомаға барлау бойынша шығыстарды есептен шығарды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС/ ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық кіріс		
Банктік салымдар, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	19.401	22.932
Шығарылған қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	1.386	1.631
Пайыздық кірістің барлығы	20.787	24.563
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар бойынша дисконт (19-ескертпе)	–	11.002
Басқа	761	1.450
	21.548	37.015

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық шығындар		
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс	58.602	58.524
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыс	1.660	865
Пайыздық шығыстың барлығы	60.262	59.389
Активтердің, экологиялық міндеттемелер мен басқа да резервтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы	2.981	3.059
Ақтаулық міндеттемелер бойынша дисконт	841	750
Басқа	3.935	3.876
	68.019	67.074

13. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Ағымдағы табыс салығы		
Корпоративтік табыс салығы	38.166	22.748
Үстеме пайда салығы	–	33
Дивидендтерден түскен кірістер мен пайыздық кіріс бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	243	3.052
Мерзімі ұзартылған табыс салығы		
Корпоративтік табыс салығы	1.453	(20.318)
Үстеме пайда салығы	(2)	3.465
Дивидендтердің кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	13.401	9.593
Табыс салығы бойынша шығыстар	53.261	18.573

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны (аудит жүргізілген)	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271
Есептілік валютасын қайта есептеу	86.206	6.768	71.192	13.355	6.133	5.235	12.073	26.358	227.320
Түсімдер	4.751	1.246	267	5	920	420	541	132.122	140.272
Есепті бағалаудағы өзгерістер	3.755	3.904	-	-	-	-	-	-	7.659
Есептен шығару	(3.226)	(10.014)	(200)	(155)	(452)	(227)	(380)	(633)	(15.287)
Тозу бойынша шығыстар	(31.261)	(7.520)	(29.027)	(4.363)	(9.179)	(2.844)	(2.650)	-	(86.844)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	2.232	973	199	152	433	206	359	599	5.153
Құнсыздану (11-ескертпе)	(43.149)	-	-	(410)	(952)	-	(169)	(71)	(44.751)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	-	-	(73)	(3)	-	-	(76)
Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто	15	(11)	437	-	22	(19)	72	310	826
Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар	-	-	-	-	-	-	12	(1.070)	(1.058)
Аударымдар және қайта жіктеулер	17.847	6.364	779	9.663	8.798	156	5.646	(49.253)	-
2020 жылғы 31 наурызға қалдық құны (аудит жүргізілмеген)	1.086.933	805.427	1.425.308	318.902	463.461	100.561	121.790	395.103	4.717.485
Бастапқы құн	2.195.193	1.041.492	2.604.261	616.503	875.874	236.981	251.862	446.699	8.268.865
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.108.260)	(236.065)	(1.178.953)	(297.601)	(412.413)	(136.420)	(130.072)	(51.596)	(3.551.380)
2020 жылғы 31 наурызға қалдық құны (аудит жүргізілмеген)	1.086.933	805.427	1.425.308	318.902	463.461	100.561	121.790	395.103	4.717.485

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2020 жылдың 31 желтоқсанына қалдық құны (аудит жүргізілді)	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745
Есептілік валютасын қайта есептеу	4.852	396	2.427	335	281	203	665	2.422	11.581
Түсімдер	1.072	369	566	2	1.125	190	365	43.216	46.905
Есепті бағалаудағы өзгерістер	(4.395)	(3.295)	-	(23)	-	-	-	-	(7.713)
Есептен шығару	(5.073)	(3.694)	(35.649)	(390)	(695)	(80)	(941)	-	(46.522)
Тозу бойынша шығыстар	(28.779)	(7.525)	(28.751)	(4.411)	(9.193)	(2.675)	(2.773)	-	(84.107)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	3.686	3.691	7.813	377	683	79	891	-	17.220
Құнсыздануды қалпына келтіру/ (құнсыздану) (11-ескертеме)	9	-	-	-	3	-	-	(6)	6
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	(23)	(198)	(4)	(177)	(23)	-	(425)
Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто	-	(6)	22	-	8	-	33	489	546
Материалдық емес активтерге аударымдар	-	-	-	-	-	-	-	(530)	(530)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар	-	-	-	583	-	-	7	-	590
Аударымдар және қайта жіктеулер	29.734	2.054	5.165	585	4.972	301	2.626	(45.437)	-
2021 жылғы 31 наурызға қалдық құны (аудит жүргізілмеген)	1.084.721	800.747	1.122.680	286.562	451.001	82.502	112.797	366.286	4.307.296
Бастапқы құн	2.263.228	1.059.581	2.519.088	593.933	886.948	235.782	248.177	421.246	8.227.983
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.178.507)	(258.834)	(1.396.408)	(307.371)	(435.947)	(153.280)	(135.380)	(54.960)	(3.920.687)
2021 жылғы 31 наурызға қалдық құны (аудит жүргізілмеген)	1.084.721	800.747	1.122.680	286.562	451.001	82.502	112.797	366.286	4.307.296

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Түсімдер**

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда аяқталмаған құрылысқа түсімдерге, негізінен, ЭМГ, «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ), ҚМГ БӨ еншілес ұйымға және «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (Қарашығанақ) 29.373 миллион теңге жалпы сомаға ұнғымаларды бұрғылау, 3.251 миллион теңге сомаға «Ташкент-Бішкек-Алматы Бұхараның газды аудан» мен «Газли-Шымкент» жобаларының шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ-да (ҚТГ) газ өлшейтін станциялар мен вахта қалашығын салу, «ҚазТрансОйл» АҚ-да (ҚТО) 1.296 миллион теңге сомаға «Өзен-Атырау-Самара» газ құбырын ауыстыру және 3.592 миллион теңге сомаға «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС зауытын күрделі жөндеу жатады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда Топ 42.886 миллион теңге сомаға «Қорқыт-ата» компрессорлық станцияны сатты, ол 2020 жылы сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударылды.

Басқалары

2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 68 миллион теңге сомаға 0,15% орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 2.890 миллион теңге, орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша 5,78%) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды.

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 345.881 миллион теңге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 340.511 миллион теңге) болды.

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қалдық құны 870.919 миллион теңге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 910.216 миллион теңге) болатын негізгі құралдардың кейбір объектілері Топтың қарыздары мен міндеттемелері бойынша камсыздандыру ретінде кепілге қойылды.

Топтың күрделі міндеттемелері 23-ескертеде ашылып көрсетілген.

15. БАНК САЛЫМДАРЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
АҚШ долларында көрсетілген	313.568	324.646
Теңгемен көрсетілген	13.516	14.863
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(592)	(509)
	326.492	339.000

2021 жылғы 31 наурызға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 1,07% және теңгемен 1,46% болды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: АҚШ долларында 1,07% және теңгемен 1,58%).

2021 жылғы 31 наурызға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 0,40% және теңгемен 3,62% болды (2020 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 0,40% және теңгемен 3,10%).

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Өтеу мерзімі 1 жылға дейін	270.882	282.472
1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі	785	796
2 жылдан артық өтеу мерзімі	54.825	55.732
	326.492	339.000

2021 жылғы 31 наурызға банк депозиттеріне 55.610 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 56.528 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде пайдалануда шектелген шоттарда орналастырылған 45.014 миллион теңге сомасынан (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 44.497 миллион теңге) тұрады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Миллион теңгемен	Негізгі қызметі	2021 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)		2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)		
		Қызметті жүзеге асыру орны	Ағымдағы құн	Иелік ету үлесі	Ағымдағы құн	Иелік ету үлесі
Бірлескен кәсіпорындар						
«Теңішевройл» ЖШС	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	2.910.697	20,00%	2.793.887	20,00%
KMG Kashagan B.V.	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	2.286.741	50,00%	2.256.816	50,00%
«Азиялық газқұбыры» ЖШС	Газ құбырын салу және пайдалану	Қазақстан	306.715	50,00%	291.086	50,00%
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	Газ құбырын салу және пайдалану	Қазақстан	158.516	50,00%	156.771	50,00%
Mangistau Investment B.V.	Көмірсутектерді өзірлеу және өндіру	Қазақстан	154.692	50,00%	142.585	50,00%
«КазРосГаз» ЖШС	Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату	Қазақстан	79.301	50,00%	76.702	50,00%
Ural Group Limited	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	44.273	50,00%	44.585	50,00%
«ҚазГерМұнай» ЖШС	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	33.419	50,00%	32.840	50,00%
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	Шикі мұнайды өндіру	Қазақстан	21.709	50,00%	20.886	50,00%
«ТеңізСервис» ЖШС	Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіз мұнай операцияларын қолдау	Қазақстан	19.829	48,996%	20.473	48,996%
